

## **ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ – ОҚУШЫНЫҢ САПАЛЫ ӨСУІНІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТЫ.**

Елбасының Қазақстан халқына Жолдауы шын мәніндегі басты жаңалық пен жақсылықтың нышаны болды. Жолдаудың басты бөлімдерінің бірінде: «Қазір бой жарыстыратын емес, ой жарыстыратын заман» деп Елбасымыз айтқандай, дарынды, білімді ұрпақ еліміздің ертеңі екені даусыз. Сол сияқты, Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік экономикалық жаңғырту–Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру мақсатында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс–қимыл жоспары ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілгені баршамызға мәлім [1]. Ұлттық жоспар Қазақстан Республикасындағы білім сапасын жетілдірудің негізгі бағдары ретінде мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту үдерісін мазмұндық, оқу–әдістемелік, материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар кешенін қамтиды. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың жалпы бағдары Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында да анық көрсетілген [2]. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру. Функционалдық сауаттылық оқушылардың танымдық қабілеттерінің деңгейін және оқушылардың өнімді жұмысының көрсеткішін білім деңгейі ретінде қарастырады. Бұл деңгей өмірдің әр түрлі саласындағы тапсырмаларды шешуде мектептік білім мазмұнының қолданбалық сипатына және оқушылардың игерген біліміне негізделеді.[3]

Қазіргі таңда педагогикалық жаңаша үрдістерде білім мен тәрбие берудегі ізгілендіру, жариялылық, педагогикалық ынтымақтастық, ғылыми-әдістемелік тың ізденістерге сүйене отырып, жаңашылдыққа талпыну қажет. Оқытудың жаңа технологиясын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық, ғаламдық, коммуникациялық желілерге шығу - ХХІ ғасырдың басты талабы.

Сондықтан, ұстаз іс–әрекетін жаңа талап тұрғысынан ұйымдастыру – бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Мұғалім өз білім–білігін, оқытудың әдіс – тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыруы және педагогикалық технологияны меңгеруі тиіс.

Сонымен, функционалдық сауаттылығы дегеніміз – адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай

ілесіп, білімін жетілдіріп отыруы. Мұндағы басшылыққа алынатын сапалар: белсенділік, шығармашылық тұрғыда ойлау, шешім қабылдай алу, өз кәсібін дұрыс таңдай алу, өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады. Бұл функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады. Осыған орай, Ұлттық жоспарда функционалдық сауаттылықтың төрт негізгі механизімін көрсетеді.

Бірінші механизімі—оқыту әдіснамасы мен мазмұнын түбегейлі жаңарту. Яғни, мұғалім оқушының бойына әлеуметтік ортаға бейімделуіне, алған білімін практикалық жағдайда тиімді пайдалана алатындай негізгі құзыреттіліктерді сіңіруі қажет.[4]

Екінші механизімі—оқу нәтижелерінің бағасын өзгерту. Қазіргі біз қолданып жүрген жүйеде 5,4 және 3 деген бағаларды не үшін қоюға болатыны нақты анықталмаған. Бағалау жүйесі функционалдық сауаттылықта сырттай бағалау және іштей бағалау болып бөлінеді. Іштей бағалау—оқу пәні бойынша оқыту сапасын диагностикалау. Ал сырттай бағалау—әрбір деңгейді аяқтау бойынша білім алушының оқу жетістіктерінің нәтижелері.

Сондай ақ, білім алушылардың өзін-өзі бағалауы. Биология сабақтарында да менде осы тәсілді пайдаланамын яғни, оқушылардың топпен жұмыс жасап, топ басшыларының бағасы мен өзін-өзі бағалауын салыстырып, берілген тапсырмаларының ұпайымен бағалаймын.

Үшінші механизімі— ата-аналардың балаларды оқыту мен тәрбиелеуге белсенді қамтамасыз ету. Ата-ана мұғаліммен тығыз қарым-қатынаста болу арқылы ерекше қасиетін тану, түсініп қол ұшын беру, адамгершілікке тәрбиелеу.


Төртінші механизімі—қосымша білім беру жүйесін дамыту. Бұл шығармашылық пен инновацияға деген қызығушылықты артады. Бұл біз айтып жүрген дамыған елдердің ұстанымы.

## **Функционалдық сауаттылықтың сипаттамалық белгілері.**

Оқушылардың сыртқы ортамен қарым-қатынас жасау қабілеті

Оқушылардың өзгермелі өмірге бейімделуінің шарты






Жалпы алғанда оқыту түрлері: сабақта білім алу, эксперименттер немесе практикалық жұмыстар жасау, есептер шығару, т.б. бәрінің басын біріктіріп, жүйелі ойлап дұрыс шешім қабылдауға әкелетін де функционалдық сауаттылықтар, өйткені нағыз білім саналы түрде жауаптылықпен қабылдап, түсініп, оны орнымен қолданудан туады. Мысалы, 8-сыныптың биология пәнінде «Витаминдердің маңызы» деген тақырыпта оқушыларды үш топқа бөлу арқылы тапсырма берілді, яғни. 1-топ: Зертеушілер, 2-топ: Талдаушылар, 3-топ: Суреттеушілер. Мұндағы, 1-топ: Зертеушілер- тобы витамин туралы мәлімет береді. 2-топ: Талдаушылар- витаминдердің түріне талдау жасайды. 3 -топ: Суреттеушілер- суретке қарап диагноз қою және витаминдердің қандай азық түліктен алуға болатынына сипаттама береді.

Бұл сабақта тұжырым картасы, кесте түрі, суретпен жұмыс, ББҮ стратегиясы арқылы жүргізіледі. Бағалау кезеңі тақырыпты аша білулеріне қарай әр түсті жетон беру арқылы бағаланады.

Сондай-ақ, 6-сыныптың биология пәнінде жалпы жоспар бойынша зертқаналық жұмыс көп болғандықтан, үй тапсырмасын сұрау уақыты шектеулі. Соған байланысты үй тапсырмасы мен жаңа сабақты көбінесе семантикалық карта, тұжырым картасы, сөзжұмбақ, БҮҮ стратегиясы, сызбанұсқа т.б элементтері арқылы өткенді дұрыс санаймын. «Тамыр. Тамыр түрлері, тамыр жүйелері» деген тақырыптағы үй тапсырмасын сұрау барысында оқушыларды топқа бөліп тапсырма беріледі. Яғни, сурет құрастыру арқылы тұжырым жасайды, сызбанұсқа, терминдік болжам, ребус және сөзжұмбақ шешу т.б. элементтер, ал, зертқаналық жұмыстар альбомға орындалады, мұнда да альбомға тапсырма орындауда оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы оянып, функционалдық сауаттылығы қалыптасады.



Тамыр → Қызметі →

Тамыр типтері →

Сонымен, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру бойынша білім мазмұнының кіріктірілуі мен сабақтастығының жүзеге асуы нәтижесінде: - оқушылар әрбір тақырыптардағы, бүкіл тараудағы білімнің күре тамыры сияқты игерілетін функционалдық сауаттылықтың элементтері арқылы білім мазмұнындағы өзара байланыстарды түсінуіне мүмкіндік туады;

- оқушылар теориялық материалдың зертқаналық, практикалық сабақтарда орындалған жұмыстарын, шешкен есептерін нәтижелерімен байланыстырып, функционалдық сабақтастықпен тез әрі терең түсіне алады;

- біртіндеп жоғарылайтын сыныптар арасындағы оқушылардың игерген функционалдық сауаттылықтарының көмегімен бірнеше ғылыми салаларды қамтитын пәндер мен пәндер арасындағы үндестікті анықтауға қол жеткізеді;

- өз еліміздің дамып, өсіп, өркендеп, жаңарып келе жатқан ұлы бетбұрыс кезеңінде өндіріс және өнеркәсіп салаларының мәселелерін шешуге мүмкіндік тудырады. [5]

Қорыта айтқанда, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған білім мазмұнын игерген оқушылардың білімдері мен біліктері өмірлік жағдаяттарда қолдана білуді, әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істей білуді және алынған ақпараттарды сыни тұрғыдан бағалай білуді, өзінің болжамдарын ұсыну және зерттеулер жүргізу, өзінің ойын негіздей білуді, әлеуметтік қатынастарда өмірлік міндеттерді шешу үшін қамтамасыз етеді. Жаңашыл оқыту білім беру жүйесінде болашағы зор, аса маңызды міндеттердің бірі.

### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары. [1]

*Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы №832*

*Қаулысымен бекітілген.*

2. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы (2012 ж. 27.01.). – Астана, 2012ж.
3. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы /Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 ж. 07.12. №1118 Жарлығымен бекітілген [3].
4. Нұрахметов Н.Н. Нәтижелі білім беру үшін функционалдық сауаттылықтар жүйесін қалыптастыру мәселесі //Қазақстан Республикасы химия және биология мұғалімдерінің съезінің материалдары. – Өскемен: 2012 (28-29 маусым). – Б.21-23.
5. Бұзаубақова К.Ж. Құзыреттілік тұрғыдан білім берудегі білім сапасының мәні //«Шаяхметов оқулары» атты Республикалық ғылыми- практикалық конференция материалдары. – Павлодар, 2009. – Б.237-243.

**Тараз қаласы әкімдігінің білім бөлімі**  
**№32 орта мектебі комуналдық мемлекеттік мекемесі**

**Функционалдық сауаттылық-оқушының сапалы  
өсуінің негізгі бағыты**

**Авторы: Қожабекова Айгүл Серғалиқызы**

**Тараз 2015**